

**Қазақ тілі пәні бойынша Ұлттық бірыңғай тестілеуге және  
кешенді тестілеуге арналған тест спецификациясы**  
(2018 жылдан бастап Ұлттық бірыңғай тестілеуде және  
кешенді тестілеуде қолдану үшін бекітілген)

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты және жалпы білім беретін пәндердің оқу бағдарламаларына сәйкес құрастырылған құжат.

**1. Мақсаты:** Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарына қабылдау үшін түсушілердің қазақ тілі пәні бойынша дайындық деңгейін анықтау.

**2. Тест мазмұны:** Тест 3 деңгейде берілген 30 тест тапсырмасынан тұрады: бірінші деңгейде – 15, екінші деңгейде – 8, үшінші деңгейде – 7 тапсырма.

Тест жалпы білім беретін мектептерге арналған оқу бағдарламасына сәйкес қазақ тілі пәні бойынша оқу материалдарынан тұрады.

№	Бөлім	№	Тақырып	№	Тақырыпша
01	Лексика	01	Сөз және сөздің мағыналары	01	Сөздің тура және ауыспалы мағынасы, көп мағыналы сөздер
				02	Омоним, антоним, синоним
				03	Тұрақты тіркес, мақал-мәтел
		02	Сөздік қор	01	Көнерген сөздер, неологизмдер
				02	Кірме сөздер, диалект сөздер
				03	Кәсіби сөздер мен терминдер
02	Фонетика	01	Дауысты дыбыстар	01	Дауысты дыбыстардың түрлері
		02	Дауыссыз дыбыстар	01	Дауыссыз дыбыстардың түрлері
		03	Буын және тасымал	01	Буын түрлері, буынға бөліну ерекшеліктері, тасымал шарты
		04	Үндестік заңы. Орфография, орфоэпия	01	Буын үндестігі, буын үндестігіне бағынбайтын қосымшалар. Дыбыс үндестігі, ықпал түрлері
03	Сөзжасам	01	Сөздік құрам	01	Түбір сөз, туынды сөз
				02	Күрделі сөз, түрлері
04	Морфология	01	Зат есім	01	Зат есімнің мағыналық, құрамдық түрлері, қызметі
				02	Зат есімнің жалғаулары, көмекші есім
		02	Сын есім	01	Сын есімнің жасалуы, түрлері, емлесі, қызметі
		03	Сан есім	01	Сан есімнің түрлері, емлесі, қызметі
		04	Есімдік	01	Есімдіктің түрлері, емлесі, қызметі
		05	Етістік	01	Етістіктің құрамдық, мағыналық түрлері, қызметі
				02	Етістіктің шақтары, райлары
				03	Көсемше мен есімше, етіс
				04	Тұйық етістік, емлесі; көмекші етістік
		06	Үстеу	01	Үстеудің түрлері, емлесі, қызметі
		07	Еліктеу сөздер	01	Еліктеу сөздердің түрлері, емлесі, қызметі
08	Одағай	01	Одағай түрлері, тыныс белгісі		
09	Шылау	01	Шылаудың түрлері, емлесі		
05	Синтаксис	01	Сөз тіркесі	01	Сөздердің байланысу тәсілдері мен

				түрлері
			02	Сөз тіркесі, есімді және етістікті сөз тіркесі
		02	Сөйлем мүшелері	01 Тұрлаулы мүшелер, қызметі 02 Тұрлаусыз мүшелер, қызметі 03 Жалпылауыш мүше, айқындауыш мүше, бірыңғай мүшелер, тыныс белгілері
		03	Жай сөйлем	01 Айтылу мақсатына қарай сөйлем түрлері 02 Құрылысына, құрамына қарай сөйлем түрлері
		04	Құрмалас сөйлем	01 Салалас құрмалас сөйлем, жасалуы, түрлері 02 Сабақтас құрмалас сөйлем, жасалуы, түрлері
		05	Оқшау сөздер. Қаратпа сөз. Қыстырма сөз	01 Қаратпа, қыстырма сөздер, тыныс белгілері
		06	Төл сөз	01 Төл сөз, автор сөзі, төлеу сөз, тыныс белгілері
06	Пунктуация. Стилистика. Сөз мәдениеті	01	Тыныс белгілері	01 Тыныс белгілердің қойылатын орындары, қабаттаса қойылатын тыныс белгілер
		02	Стилистика. Шешендік сөз	01 Стилль түрлері. Шешендік сөз

### 3. Тапсырма мазмұнының сипаттамасы

**Қазақ тілі пәні бойынша:** Фонетика: дыбыстардың тіл біліміндегі орны мен маңызын, фонетикалық ұғымдардың мәнін, дыбыстардың түрлері мен олардың жіктелуін, тіл дыбыстарының жасалу жолдарын меңгеріп, фонетикалық талдау жасай алуы;

Лексика: лексиканың тіл біліміндегі орны мен маңызын, сөздердің мағыналық топтарына қарай түрлерін, лексикалық терминдерді ажырата білуді, лексикалық талдау жасай алуы;

Сөзжасам: тілдік материалдарда лингвистикалық білімдерін қолдана білу, сөзжасамның тіл біліміндегі орны мен маңыздылығын, сөздердің жасалу тәсілдерін және олардың жасалу жолына қарай жіктелуін, түбір сөз бен туынды сөздің белгілерін анықтай алуы;

Морфология: сөз таптарының мағыналық топтарын, өзіндік белгілерін және бір-бірінен ажырата білуі, сөз таптарының қызметін түсіндіре алуы, морфологияға қатысты тілдік ұғымдардың мәнін анықтауы, морфологиялық талдау жасай алуы;

Синтаксис: сөз тіркесінің өзіне тән белгілерін, байланысу тәсілдері мен түрлерін, сөйлем мүшелері, жай сөйлем, құрмалас сөйлем түрлеріне синтаксистік талдау жасай алуы, мәтіндерге кешенді тілдік талдау жасай білуі;

Пунктуация: жазбаша қарым-қатынастарда, тыныс белгілерді қолдана білу дағдылары, тыныс белгілердің қолданылатын орындары, стилль түрлерінде атқаратын ролін дәйектей білуі;

Стилистика: стилль түрлері мен түрлі мәтіндерді түсіне баяндау және интерпретациялай білуі, түрлі стилльде мәтін құрауды, сөйлеу мәдениетінің нормалары мен шешендікке қойылатын талаптарды меңгеруі тиіс.

#### **4. Тапсырма формасы:**

Тест ұсынылған бес жауап нұсқасынан бір ғана дұрыс жауапты таңдауға арналған 20 тест тапсырмасынан және бірнеше жауап нұсқасынан бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауға арналған 10 тест тапсырмасынан тұрады.

#### **5. Жеке тапсырмалар мен жалпы жұмысты бағалау:**

Бір дұрыс жауабы бар тест тапсырмасы дұрыс орындалғанда 1 балмен, дұрыс орындалмағанда – 0 балмен бағаланады.

Бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар (3 дұрыс жауаптан артық емес) тест тапсырмалары төмендегідей жолмен бағаланады:

- бір дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында дұрыс жауапты таңдағанда екі балмен;
- бір дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында дұрыс жауапты және бір дұрыс емес жауапты таңдағанда бір балмен;
- бір дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында екі немесе одан да көп дұрыс емес жауапты таңдағанда нөл балмен;
- екі дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында екі дұрыс жауапты таңдағанда екі балмен;
- екі дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында бір дұрыс жауапты таңдағанда бір балмен;
- екі дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында бір дұрыс жауапты және бір дұрыс емес жауапты таңдағанда бір балмен;
- екі дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында екі дұрыс жауапты және бір дұрыс емес жауапты таңдағанда бір балмен;
- екі дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында екі немесе одан да көп дұрыс емес жауапты таңдағанда нөл балмен;
- үш дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында үш дұрыс жауапты таңдағанда екі балмен;
- үш дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында екі дұрыс жауапты таңдағанда бір балмен;
- үш дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында екі дұрыс жауапты және бір дұрыс емес жауапты таңдағанда бір балмен;
- үш дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында үш дұрыс жауапты және бір дұрыс емес жауапты таңдағанда бір балмен;
- үш дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында тек бір дұрыс жауапты немесе екі және одан да көп дұрыс емес жауапты таңдағанда нөл балмен бағаланады.

Тест тапсырмасы толығымен орындалғанда түсуші 40 балл жинайды.